

**"Республикалық бюджеттен берілген несиелерді, сондай-ақ мемлекет кепілдік берген қарыздардың шеңберінде республикалық бюджеттен оқшауландырылған қаражатты қайтару және қайта құрылымдау жөніндегі ведомствоаралық комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 21 маусымдағы № 813 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 18 наурыздағы № 244 қаулысы

**Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Республикалық бюджеттен берілген несиелерді, сондай-ақ мемлекет кепілдік берген қарыздардың шеңберінде республикалық бюджеттен оқшауландырылған қаражатты қайтару және қайта құрылымдау жөніндегі ведомствоаралық комиссия құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 21 маусымдағы № 813 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін: көрсетілген қаулымен бекітілген Республикалық бюджеттен берілген несиелерді, сондай-ақ мемлекет кепілдік берген қарыздардың шеңберінде республикалық бюджеттен оқшауландырылған қаражатты қайтару және қайта құрылымдау жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамына мыналар енгізілсін:

С ұ л т а н о в Бакыт Тұрлыханұлы	-	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасының Қаржы министрі, төраға
Д ә л е н о в Руслан Ерболатұлы	-	Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі, төрағаның орынбасары
И с а е в а Гүлмира Сұлтанбайқызы	-	Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министрі
Т о р т а е в Бауыржан Қадырұлы	-	Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Әлеуметтік-экономикалық мониторинг бөлімі меңгерушісінің орынбасары (келісім бойынша)
Т ә ш е н е в Бакытбек Кәкімұлы	-	«Оңалту және активтерді басқару компаниясы» акционерлік қоғамының басқарма төрағасы (келісім бойынша)
А л д а ш о в Марс Бақтиярұлы	-	«Қазақстан Даму Банкі» акционерлік қоғамының басқарма төрағасының орынбасары (келісім бойынша)

**МЫНА:**

« К ү ш і б а е в Мұрат Шәменұлы	-	Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің (қаржы полициясы) Сыбайлас жемқорлық туралы істерді ашу және оның алдын алу департаменті 3-ші басқармасының бастығы (келісім бойынша)»
-------------------------------------	---	--

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

« К ү ш і б а е в  
Мұрат Шәменұлы

Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің (қаржы полициясы) Сыбайлас жемқорлық туралы істерді ашу және алдын алу департаменті 2-ші басқармасының аса маңызды істер жөніндегі аға инспекторы (келісім бойынша)»;

көрсетілген құрамынан: Болат Бидахметұлы Жәмішев, Ардақ Мырзабайұлы Теңгебаев, Марат Еркінұлы Толыбаев, Ильдар Ізтұрғанұлы Сағиев, Маржан Бопайқызы Күзембаева, Марат Дүйсенбекұлы Әйтемов шығарылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
*Премьер-Министрі                      С. Ахметов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК